

## Орыс сыныптарында мәтін арқылы тіл дамыту жұмыстары

Нұр-Сұлтан қаласы  
Жумина Б.С.  
№60 мектеп-лицейі

Тәуелсіздік туы желбіреп, қазақ тілі мемлекеттік мәртебеге ие болғалы, қазақ тілін жан - жақты үйрету, мәнерлі тіл құралдарының барлық байлығын игерген болашақ жастарды тәрбиелеу міндеті қойылып отыр. Осыған орай бүгінгі жастарымызды қазақ тіліне деген ынтасын, құштарлығын арттыру, құрметтеу, алған білімін практикалық істе пайдалана білуге үйрету міндет болып табылады. Бүгінгі күнгі жалпы орта білім беру мекемелерінде мемлекеттік тілді оқытудың сапасын арттыруда талай жұмыстар атқарылып, нақты шаралар белгіленіп, іске асырылып жатқанымен, оқыту ісінде түбегейлі мақсатқа жету жолында әлі де көптеген істерді атқару қажеттігі бар. Соның бірі – тіл дамыту сабақтарында мәтін және мәтін бойынша тапсырмалар арқылы тілді меңгерту мәселесін зерделеу. Себебі мәтінмен жұмыс істеудің бір әдісін тіл үйретудің барлық деңгейінде қолдана беру орынды бола бермейді. Бастапқы кезеңде шағын мәтінді оқып, түсініп, сұрақтарға жауап беріп, мазмұндау іспетті тапсырмалар орындалса, одан кейінгі кезеңдерде мәтіндегі сөздерге антоним, синоним табу, мәтін бойынша диалог құрастыру, мәтіндегі сөйлемдерді мағынасын сақтай отырып басқаша құрастыру, толықтыру, таратып жазу т.с.с. және бұдан да күрделі, оқушылардың шығармашылық (креативті) ойын дамытатын тапсырмалар болуға тиіс.

Тіл дамыту сабақтарын сапалы әрі түрлендіріп өткізу оқушы тілін ұштай түсетіні ақиқат. Ғалымдар еңбегін саралай келе, мәтінді, мәтін бойынша тапсырмаларды пайдаланудың бірнеше тиімді жолын айқындап, тіл үйрету сабақтарында мәтінді, мәтін бойынша тапсырма түрлерін ұтымды пайдаланып, тиянақты нәтижеге қол жеткізуге болатынына көз жеткіздік.

### **Зерттеудің жаңашылдығы:**

- Берілген мәтінді оқып, одан түйінді ой шығару.
- Мәтін немесе ережемен танысықаннан кейін оларды оқып ассоциациялау.
- Жоба сабақ берілген шығармашылық жұмыс арқылы оқушының ізденушілік қабілетін дамыту.
- Презентация сабағы. Берілген тапсырма бойынша оқушылар сабақ үсінде компьютердің көмегімен презентация жасайды.
- Тапсырма бойынша екі топта пікірталас жүргізіледі.
- Көркем шығарма мәтіні бойынша сынып төрт топқа бөлінеді.
- Бірінші топ – кіріспе бөлімі, екінші топ – негізгі бөлім, үшінші топ – қорытынды бөлім, төртінші топ – толықтырады.
- Әр топ өз бөлімінде жұмыс істейді. Төртінші топ әр топтан кейін мәтінді толықтырып отырады. Соңында қай топтың жұмысы дұрыс екені салыстырылады.

Орыс сыныптарында қазақ тілі оқытудың ең негізгі мақсаты – тілді үйрету, яғни оқушы белгілі дәрежеде қазақ тілінде сөйлеу керек, басқаны түсіну керек,

оқыған шығарманың мазмұнын түсіну керек, өз ойын басқа адамға жеткізе білу керек. Бұл үшін сабақ барысында мәтіндер қолданылады.

Мәтіндерді қолдану мақсаты – балалардың сөздік қорын дамыту, мәтінді талдай білу, сонымен бірге ауыз және жазба тілінің дағдаларын қалыптастыру.

Баланың тілін дамытуда мәтін үлкен орын алады, мәтін балаға білім береді, тілі мен ой-өрісін дамытады және тәрбиелейді.

Мысалы, ауызша да, жазбаша да біз өз ойымызды сөз арқылы емес, негізінде мәтін арқылы жеткіземіз.

Мәтін талдаған кезде келесі талаптарға назар аудару қажет:

Мәтінде тәрбиелік мақсаты болу керек;

Мәтіндерде оқушылардың дүниетанымын кеңейтетін қазақ халқының тарихы, мәдениеті, салт-дәстүрлері, ұлт мейрамдары туралы мағлұмат көбірек болуы тиіс;

Жеңілден қиынға деген дидактикалық принципіне сәйкес мәтіндер сабақтан сабаққа, сыныптан сыныпқа күрделенуі тиіс.

**Мәтінмен жұмыс 5 түрге бөлінеді:**

Мәтінмен танысу (тұсаукесер)

Мәтін негізінде тапсырмалар мен жаттығуларды орындау

Сұхбат құрастыру

Монолог

Бақылау

1. Мәтінмен танысу - мәтінді оқу, жаңа сөздермен танысу, мәтінді аудару, мазмұнымен танысу.

2. Мәтінмен жұмыс істеген кезде мынадай грамматикалық тапсырмаларды орындауға болады: сөйлемді толықтыру, сөйлемнің мағынасын сақтай отырып сөйлемді жаңадан құрастыру, сөйлемді кеңейту және қысқарту, антоним мен синонимдерді табу, сөйлемдерге синтаксистік талдау жасау.

Мәтінмен жұмыс жасаған кезде инновациялық технологияларын қолданамын, мысалы – интенция. Интенция дегеніміз - сұхбат немесе монолог барысында ситуативтік, эмпирионалық сөздерді қолдану.

Енді осы бес кезеңге, бес мәселеге нақты тоқталайық,

Көркем шығарманы талдаудың алғашқы қадамы-ондғы оқиғаны, оның талдау желісін таныстырудан, ұғымдырудан басталады. Шығармадағы оқиғаны, оның мазмұнын, сюжетін, шығарманың көркемдік ерекшелігін, тілдік шеберлігін, кейіпкерлер бойындағы адамгершілік, сана мен рухани байлығын білмеген, түсінбеген оқушы шығарманы әрі қарай талдауға кірісе алмайды.

Ол үшін мынадай жұмыс істелуі қажет:

А) Сөздік жұмысын жүргізу. Мәтінде кездесетін жаңа сөздермен және тірек сөздермен жаттығу жұмыстарын өткізу;

Ә) Мәтіннің мазмұнымен таныстыру (оқушылар өз бетінше оқып, мазмұнымен танысып келеді).

**2) Мұғалімнің арнайы тапсырмасындағы мәтінге байланысты жаттығуларды орындау.**

А) Сөйлемдерді толықтыру.

Ә) Сөйлемдердің мазмұнын сақтай отырып басқаша құрастыру.

Б) Сұрақтарға жауап беру.

- В) Қате сөйлем беріледі. Мәтіннен дұрыс нұсқасын табу.  
Г) Мәтінді жоспарлау.  
Д) Сөйлемдерді ықшамдау. Сөйлемдерді кеңейту.  
Е) Шығармада кездесетін фразеологизімдермен, мақал-мәтелдермен, нақыл сөздермен, омоним, синоним, антонимдермен жұмыс істеу.

### **3) Сұхбат (диалог)**

Мәтінмен жұмыстың ең қажетті, ең негізгі түрі - оқушыларды сөйлеу, яғни екеуара сөйлесуін ұйымдастыру.

Осыны іске асыру барысында түрлі әдіс пайдалануға болады: бұл интенция әдісі (одағай, қыстырма сөздері пайдаланып жолдасының айтқанымен келісу/келіспеу, сөзін құптау/құптамау), инновациялық әдіс - сөйлеу жағдаяттарына (түрлі ситуацияларға), сөйлету, және проблемалық тәсіл-белгілі бір тақырыпқа проблема құрып, сол проблеманы шешу-(интерактивная методика дейміз).

Бұған:

- а) драматизация әдісін пайдаланып, әңгімені рөлдерге бөліп оқу;
- ә) рөлдік ойындар;
- б) сөйлеу жағдаятын туғызу;
- в) мақал-мәтел, нақыл сөз, дәстүр бойынша әңгімелету, ситуация құрастыру;
- г) оқушыларды ойландыратын сұрақтар қою жатады

### **4) Монолог.**

Тіл үйренушілер сұрақ қойып, оған жауап беріп қана қоймай, ойын, пайымдаудың бір бүтін мәтін арқылы жеткізе алу керек,

Осыған байланысты жұмыс түрлері:

- а) Жоспар бойынша әңгімені мазмұндау.
- ә) Әңгіменің ұнаған эпизодтарын теріп алып мазмұндау.
- б) Әңгіменің ең негізгі эпизодтарын мазмұндау.
- в) Шығарма оқиғасының басталуын, байналысын, дамуын айқындау.

### **5) Бақылау.**

Мәтін талдау барысында бақылау өзінен өзі болатынына қарамастан, оқытушы қорытынды бақылау өзінен - өзі болатынына қарамастан, оқытушы қорытынды бақылау жұмыстың өткізгені лазым. Ең тиімді- тест.

Тест арқылы оқушылардың жазу, тындау, оқу, сөйлеу қабілетін тексеруге болады. Тест тапсырмаларына мәтіннің мазмұнына байланысты сұрақтарға қоса грамматикалық тапсырмалар беруге болады.

Жеке адамды қалыптастырып дамыту және оған жан-жақты терең білім беру мақсатында көптеген білім беру технологиялары ұсынылуда: СТО дамыта оқыту, рейтингтік, модульдік оқыту технологиясы, ынтымақтастық технологиясы т.б. технологиялар.

Оқушының ойлау қабілетін дамыту үшін өздігінен жұмыс істеуге баулу, өз ойын тұжырымдауға дағдыландыру, оқушы белсенділігін арттыру барысында проблемалық сұрақтарды пайдалану, проблемалық ситуацияларды туғызу қажет.

Қазақ тілін тиімді оқытудың алғышарты – ұстаздардың әдістемелік ұсынысы арқылы әртүрлі әдіс-тәсілді пайдалану нәтижесінде тәжірибе жинақтай отырып, оның тиімді жақтарын өз тәжірибесіне енгізу.

Тиімді оқытудың негізгі бір шарты – білімнің мазмұнын дәл тиімді анықтау. Негізгі ұғымдар мен мәселелерді, теория мен фактілерді қажеттілігі мен тиімділігіне сай іріктей білу, өз бетімен оқи білуге, білім алуға үйрету.

Қорыта келе айтарым, қазіргі таңда білім беруде оқушыға тек қана білім, білік дағдыларын қалыптастырып қана қоймай, алған білімін өмірлік қажеттілігіне жаратуға жетелеу көзделеді. Осыған орай, тіл дамыту жұмыстарында оқушының шығармашылық (креативті) ойын дамытып, жұмыс жасау барысында ізденуге көмек көрсетіледі, оқушының өз-өзіне дербес тұлға ретінде қарауға, оны сезінуіне мүмкіндік туғызылады.

Оқыту – таным әрекетінің ерекше түрі және білім берудің негізгі жолы. Оқытуда баланың таным қабілеті дамып, білімді, дағдыны, икемділікті игереді. Педагогиканың бір саласы дидактиканың негізгі міндеті – оқыту үдерісіне бағынатын заңдылықтарды анықтау. Ол заңдылықтарды мақсатқа сай қолданудың жолдарын қарастыру. Дидактика ғылым мен техниканың даму дәрежесін, балалардың жас ерекшелігін ескере отырып білім мазмұнын, икемділік пен дағдының мөлшерін, көлемін анықтау мәселесімен де шұғылданады. Тілді оқыту барысында да, тілді меңгерту үшін мәтіндерді іріктеп алу ісінде де біз ең алдымен дидактика заңдылығын басшылыққа аламыз. Себебі оқушының жасына қарай дұрыс таңдалған, танымдық, тәрбиелік қасиеттері мол мәтіндердің рөлі аса маңызды.

Қорыта айтқанда, танымдық қызығушылықты дамыту оқушылардың шығармашылық (креативті) ойлау қабілеттерін арттыруға, тілін байытуға, өз ойын қазақ тілінде еркін жеткізу, сауатты жазу үшін елеулі нәтиже береді деп ойлаймыз.

## **Пайдаланылған әдебиеттер**

1. Ж.Дәулетбекова «Оқушылардың тілін дамыту жолдары» Алматы «Рауан» 2000 ж.
2. Т.Сабыров «Оқушылардың оқу белсенділігін арттыру жолдары» Алматы, 1998 ж.
3. Б.Тұрғынбаева «Дамыта оқыту технологиялары» Алматы, 2000 ж.
4. «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналы. Алматы, 2004 ж. №7
5. «Қазақстан мектебі» Алматы, 2004 ж. №5
6. Б.Тұрғынбаева «Ұстаздық шеберлік» Алматы, 2006 ж.